

**Әкімдіктің 2012 жылғы 11 желтоқсандағы № 359 "Әулікөл ауданында 2013 жылға тұрғындардың нысаналы топтарын белгілеу туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Қостанай облысы Әулікөл ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 30 қыркүйектегі № 344 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 23 қазанда № 4252 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына сәйкес, Әулікөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудан әкімдігінің 2012 жылғы 11 желтоқсандағы № 359 "Әулікөл ауданында 2013 жылға тұрғындардың нысаналы топтарын белгілеу туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3982 тіркелген, 2013 жылдың 24 қаңтарында "Әулікөл" газетінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

1) кіріспе сөзбасы жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7-бабының 2) тармақшасына, 5-бабының 2-тармағына сәйкес, Әулікөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**"

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Р.С. Нұғмановаға жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А. Балғарин

КЕЛІСІЛДІ:

"Әулікөл ауданы әкімдігінің  
жұмыспен қамту және әлеуметтік  
бағдарламалар бөлімі" ММ  
басшысының міндетін атқарушы

Тетелюк Л.Е.